

Қазақ халқының этномәдениеті кабинеті ашылды

Қыркүйектің 5-і күні алпауыт кеніш орны «Богатырь Көмір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас ғимаратында (Строительная к-сі, 29) мемлекеттік тілді барынша ұлықтау мақсатында «қазақ халқының этномәдениеті» кабинеті ашылды. Аталмыш бөлімеде Елбасының мәдени мұра бағдарламасы негізінде өңір бойынша жинақталған материалдар енген. Заманауи үлгіде жасалған кішігірім бөлмеге кәсіпорын қорынан 3 млн теңге қаражат бөлінген.

Шағын мұражай кәсіпорын қызметкерлері үшін таптырмас құндылық. Кішігірім ғана бөлменің ішіне



ашылып отырған жоқ. Дегенменен көмір өндірісінің жақсы бастамасы деп ойлаймын. Қазақ тілінің өркендеуіне, ұлттар достастығының нығая түсуіне, елбасының қазіргі жасап отырған политикасының жалғаса беруіне зор үлес қосады, – деген сенімін білдірді Екібастұз қаласының құрметті азаматы Бөкен Қызғарин.

Кабинеттің төріндегі шапан жамылған қазақтың сері жігіті мен келген қонаққа шашуын дайындап тұрған бұрымды қыз қазағымыздың қонақжайлылығын көрсетіп тұр. Шынымен-ақ қазақ ұлты қашанда сыйлы қонақтарын ренжітпеген халық. Кескін-келбеті әдемі етіп бейнеленген мүсіндер өңірімізге аса танымал мүсінші Баян Қайнышеваның қолынан шыққан дүниелер. Бұнымен қоса бұл кабинетте «арпалыс», «бүкітші», «күйші», «бақсы», «әже мен немере», «Алдар кө-

кіріп кетсең, қазақ батырларының сауыт-сайманы мен қару-жарақ түрлері, ұлттық киімнің бай үлгілері, әйелдердің ерекше зергерлік бұйымдары мен музыкалық аспаптары сияқты дүниелер табылады, барлығы 100 жуық зат жинақталған. Мұнда шынымен қызметкерлердің жадына тоқитын мол мағлұматтар жетерлік. Қазақ халқының этномәдениеті кабинетінің негізгі құрастырушысы, музей жобасының авторы «Богатырь Көмір» ЖШС тілдерді дамыту және қолдану жөніндегі топ басшысы Манар Ерботина қашан да жақсы бастамалардың басы-қасында. Қазақ халқының ескі бұйымдарын қазіргі заман талабына сай келтіре отырып, заманауи үлгіде көрсетуге барынша тырысыпты. Адам баласы тұрмыста қолданатын заттар мен әшекей бұйымдардың бұнда түр-түрі бар. Тек осыған ниет білдіріп, қарап, көріп білгісі келетіндер саны артып жатса игі, бұл әсіресе осы кәсіпорында қызмет етіп жүрген жандарға тікелей байланысты.

– Әрине, біз қазақ тілін оқытуда барлық жағдайды жасап отырмыз, алайда бұл жеткіліксіз болып тұр. Бел-



сенді түрде атсалысу керек. Бұл мәселемен мен өзім айналасатын боламын, менің қадағалауымда болады. Біреуге тапсыру деген болмайды, - деп қадап айтты осы тұрғыда ашылу салтанатына қатысқан «Богатырь Көмір» ЖШС-нің бас директоры Виктор Шукин.

Бүгінде қаламызда ірі кәсіпорындардың барлығында дерлік ғимарат ішінен мұражайлар жұмыс істеп тұр, алайда жаңа үлгідегі, яғни күнделікті қолданысқа пайдалана алатын заттардың көрмесі тұңғыш ашылып отыр. Ішкі саясат бөлімінің басшысы Зинаида Мұхамеджанова қаламыздағы ірі кәсіпорын мемлекеттік тілді меңгеруге және оны дамытуға, салт-дәстүрлерімізді терең білуге бұл кабинеттің орны бөлек екенін айтып, «Богатырь Көмір» кәсіпорны әртүрлі әлеуметтік жобаларымен және жоғары еңбектерімен көзге түсетін компания екендігін тілге тиек етті. Қазақ халқының этномәдениеті кабинетінің ашылу салтанатына арнайы шақырылған қауым бұл игі бастамаға қостап отыр.

- Әрине, мұндай мұражай Екібастұз қаласында алғаш

се», «қобызшы», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» және «Екібастұз – тағдырым менің» сынды мүсіншінің төл туындылары қойылған. «Жалпы, шағын мұражайда бабымен бапталып, заманауи үлгіде көздің жауын алатын дүниелерді жасақтауға жергілікті мүсінші Баян Қайнышеваның сіңірген еңбегі зор», - дейді ұйымдастырушылар. Ал енді тоқ етеріне келер болсақ, қомақты қаражаттың басым бөлігі сапалы әрі бағалы қазақ батырларының қару-жарақтары, қызкеліншектердің зергерлік бұйымдары, ұлттымыздың музыкалық аспаптарын жинақтауға кеткенін айтады арнайы сұхбатында «Богатырь Көмір» ЖШС тілдерді дамыту және қолдану жөніндегі топ басшысы Манар Амантайқызы.

Елімізде ұлттық болмысымызды көрсететін мұражайлар саны артып, мәдениеттің жоғары үлгісі ретінде таныла берсін! Ниет білдіргендер бай өлкеміздің құндылықтарымен аз мезгілде толық таныса алады. Қазақ халқының этномәдениеті кабинетінің есігі кәсіпорын қызметкерлері үшін әрдайым ашық.

Беттерді әзірлеген тілші Р. Алиакбарова